

ӘОЖ 165.12
МРНТИ 15.21.41

DOI: <https://doi.org/10.37788/2024-1/40-45>

А.С. Кирибаева^{1*}, Г.А. Алдамжар¹

¹№ 5 жалпы орта білім беретін мектебі, Қазақстан
(e-mail: aizhan.sagnaeva@mail.ru)

Жоғары сынып оқушыларының танымдық қабілеттерін психологиялық тренинг арқылы дамыту

Аңдатпа

Негізгі мәселе: Мақалада жоғары сынып оқушыларының танымдық қабілеттерін дамыту мәселесі философиялық, педагогикалық, психологиялық, ғылыми-әдістемелік еңбектерге теориялық талдау жүргізу арқылы оны дамытудың өзекті бағыттары қарастырылған. Орта білім беру мекемелерінде оқыту үрдісінің жетілдіру жоғары сынып оқушыларының танымдық қабілеттерін дамыту өзекті мәселе болып отыр. Сондықтан жоғары сынып оқушыларының орта білім беру мекемелерінде оқып жүрген кезінде олардың ойлау, белсенділігін дамытып, білімі мен біліктерін өмірдің жаңа жағдайында пайдалана білуге үйрету міндеті туындайды. Бұл міндеттердің жүзеге асуы жоғары сынып оқушыларының танымдық іс-әрекетін жоспарлау және ұйымдастыру біліктерін қалыптастыруға септігін тигізетін оқу үдерісін ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын іздестіруге өзекті сипат береді.

Мақсаты: әрекетте пайдаланылатын әртүрлі гуманитарлық парадигманы қайта форматтаудың жалпы логикалық координаттары мен әдістерін негіздеу.

Әдістері: генетикалық мазмұнды логиканың онтологиялық қағидаты, объектілердің нақты бейнелерін олардың абстрактілік мәніне сүйене отырып түрлендіру әдісі, абстрактыдан нақты тілге көтерілу әдісі, ойдың схемалық бейнелерінің ойлау тілі және қызметтің әдіснамалық теориясының тілі. Қазіргі уақытта мұндай жаңарту ғылым мен мектеп практикасын сабақтастыра дамыту құралы ретінде белсенді оқыту технологиясының әдістері мен құралдарына көшу болып табылады, оны пайдалану көп жағдайда жеткіншектердің қызығушылығы мен белсенділігін арттыруға ықпал етеді.

Нәтижелер және олардың маңыздылығы: әмбебап қозғалыстың логикалық негізделген әмбебап дерексіз-бетонды координаттары берілген. Өмірге және қызмет әлеміне қатысты оларды координаттар арқылы анықтауға болады: «өмір сүру деңгейі – қызмет тиімділігі», немесе «әрекет тиімділігі – уақыт», немесе «нәтиже – шығындар», немесе «сапа – сан», т.б. Ойлаудағы анықтық қозғалыс векторларының нақтыдан абстрактілігіне түсу, абстрактіліден нақтыға көтерілу логикасында, сонымен қатар олардың үйлесуі арқылы беріледі.

Танымдық іс-әрекетті тұрақты қажетсіну ізденімпаздық және оны жоспарлап, ұйымдастыру нәтижесін көрі студенттердің танымдық қанағаттану сезімін тудырады. Мұндай нәтиже жеткіншекті жаңа танымдық әрекетке белсенділікпен ізденіске, ісі менгере білуге тәжірибе жинақтауға дағдыландырады.

Түйінді сөздер: таным, қабілет, таным әрекеті, психологиялық тренинг, жоғары сынып оқушылары, дамыту.

Кіріспе

Бүгінгі таңда қоғамымыздың даму бағыты жан-жақты дамыған, саналы азамат қалыптастыру мәселесін жүктеп отыр. Білім беру жүйесінде болып жатқан елеулі өзгерістер осы мәселеден туындайды. Қазіргі заман талабына сәйкес білім дегеніміз – жеке тұлғаның әлеуметтік жетілуі мен өз деңгейінің өсуіне қол жеткізуге болатын мүмкіндіктері мен тәртібін жетілдіру процесі және нәтижесі болып саналады. Әрбір балаға жеке тұлға ретінде қарап, оның өзіне тән санасы, еркі, өзіндік әрекет жасай алатын ортасы бар екенін ескеру бүгінгі күннің басты талаптарының бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" заңына сәйкес "Әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын, талантын, қабілетін дамыту" сияқты өзекті мәселелер енгізіліп отырғаны белгілі [1]. Өйткені ғылым мен техниканы,

өндірісті әлемдік деңгейде дамыту үшін елімізге шығармашылықпен жұмыс жасайтын білімді, жоғарғы дайындығы бар білікті мамандар қажет.

Олай болса, әрбір қоғамның әлеуметтік – экономикалық даму деңгейі, сол қоғамдағы жек адамның потенциалына байланысты. Қазіргі кездегі қоғамдағы қарқынды өзгерістер жыл сайын жаңа өмір салтын құруда. Осыған орай, егеменді еліміз Қазақстанда қабілетті, дарынды, тәуелсіз жеке адамды, дербес шешім қабылдауға бейім ұрпақты тәрбиелеу – бүгінгі күнде аса маңызды мәселе болып отыр [2].

Қазіргі таңда жалпы білім беретін мектептердің дамуында жағымды өзгерістер және оқыту мен тәрбиелеу ісінің ұтымды жақтары ашылып жатқанымен, оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту жақтарына терең үңіле бермейміз. Бұл жағдайда, білім негізі бастауышта қаланатын болғандықтан, бастауыш мектеп оқушысының қабілеттілігін дамыту басты рөл атқарады. Қабілетті жеке адам ретінде дамуға бұл кезеңнің мәні зор [3]. Бұл мақсатқа жетуде ұстаздар терең білімді, әдістемелік жағынан толық қаруланған және жоғары мәдени деңгейі болуы тиіс. Себебі, бастауыш сынып мұғалімі оқушылардың оқуға ынтасын оятып, олардың танымдық қабілеттерінің дамуына жол ашады.

Сонымен қатар, қабілеттілік психологиясы – қазіргі психологиядағы өзекті тақырыптардың бірі болып саналады.

Қабілет – бұл тұлғаның қандайда бір іс-әрекет түрін табысты орындау шарты болып табылатын индивидуалды – психологиялық ерекшелігі. Қабілеттің табиғаты туралы мәселені қарастырған шетел психолого – педагогикалық ғалымдары (А.Н. Леонтьев, К.К. Платонов, С.Л. Рубинштейн, Б.М. Теплов, В.Д. Шадриков және т.б.) атап өтуге болады. Жалпы қабілеттер мағынасы арнайы қабілеттер дамуының негізі ретінде зерттеулер (Б.Г. Ананьев, С.Л. Рубинштейн), қабілетті дамытудың жалпы заңдылықтарын (А.В. Брушлинский, Л.С. Выготский, Н.С. Лейтес, Р. Стенберг және т.б.), қабілетті зерттеудің әдістері (А. Бине, Дж. Гилфорд, Л. Термен, П. Торренс және т.б.) қарастырған [3, 125-129 б]. Ал отандық педагог-психологтардан М.А. Құдайқұлов, А.Р. Мандықаева осы тақырыпта зерттеу жұмыстарын жүргізген.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысымыздың ғылыми құқықтық процесін Поппердің фальсификациялану ұстанымына сай келесі құрылымда жасауға тырыстық [4]:

- 1) Зерттеу болжамын ұсыну.
- 2) Зерттеу жұмысын жоспарлау.
- 3) Зерттеуді жүзеге асыру.
- 4) Көрсеткіштерді өңдеу.
- 5) Болжамды нақтылау, дәйектеу.

Зерттеу болжамы. *Егер*, жоғары сынып оқушыларының танымдық қабілеттерін психологиялық тренинг арқылы дамытудың мүмкіндіктері анықталып, тұжырымдамасы жасалып, оны жүзеге асыратын құрылымдық-мазмұндық жүйесі құрылса, онда ол өмірдің барлық саласындағы белсенді, шығармашылық іс-әрекетіне қабілетті, еркін және жан-жақты жетілген көп тілді меңгерген тұлға болып қалыптасады.

Зерттеудің *теориялық міндеті*:

- педагогика-психология ғылымдарындағы аталмыш мәселеге қатысты теориялық ережелерге, қағидаларға және ой-пікірлерге ауқымды талдау жүргізу.

Зерттеудің *эмпирикалық міндеттері*:

- зерттеу гипотезаларына сай зерттеу процедураларын іріктеу, зерттеу критерийлерін, өлшемдерін, көрсеткіштерді өңдеу бірліктерін жасау;

- танымдық қабілет деңгейлерін арттыруға тренингтердің әсер ету деңгейін анықтау.

Зерттеудің *тәжірибелік міндеттері*:

- тәжірибеде қолдануға тиімді болатын ұсыныстар беру.

Тәжірибелік эксперимент – бұл экспериментті жүргізушінің ұйымдастыруымен және зерттелуші психикасының ерекшеліктерін анықтауға бағытталған, зерттелуші мен экспериментатордың бірлескен әрекеті.

Қандай бағытта болсын зерттеу жұмыстары бірнеше кезеңдерден тұрады. Олай болса, зерттеу жұмысымыздың келесі кезеңінде негізгі экспериментальды процедураларға және олардың жүргізілу жолдарына, өңделу ерекшеліктеріне кеңінен тоқталуға тырыстық.

Кез келген психологиялық экспериментті жүргізуде нәтиженің тиімді болуы – қажетті экспериментальды әдістемелерді дұрыс таңдауға тікелей байланысты. Осы тұста бірқатар

психолог-зерттеушілер, «зерттеу әдістемесі – бұл әдісті жүзеге асыру құралы, операциялар мен тәсілдердің (олардың жүйелілігі мен өзара байланыстылығы) біртұтастығы, сонымен қатар ақпаратты талдау және өндеудің қалыпқа келтірілген ережелері» [5, 297-б.] деген анықтама береді. Демек, зерттеу нәтижесінің нақты болуы эксперименталды әдістемелердің бір-бірін өзара толықтырушы ретінде жүзеге асырылуына байланысты.

Тәжірибелік жұмыс Ақсу қаласының мектебінің 14-18 жас аралығындағы 10-11 сынып оқушылар арасында өтті. Тәжірибелік жұмыс 3 кезеңде жүзеге асырылды.

1-кезең, 10-11 сынып оқушыларын екі пән бойынша сабақ барысында 9 шкала бойынша (ойлау қабілеті, сөйлеу қабілеті, есте сақтау қабілеті, зейіндеріне, мұғаліммен қарым-қатынас жасауы, оқушылармен қарым-қатынас жасауы, өз бетінше жұмыс жасауы, шапшаңдығы және шыдамдылығы байланысты) сырттай бақылау.

2-кезең, осы 9 шкала бойынша зерттеу нәтижелеріне қарай отырып жұмыс жасау. Яғни оқушылардың қабілеттерін жан-жақты дамыту. Жаттығулар, ойындар, тренингтік жұмыстар арқылы қорытында жасау.

3-кезең, бұл кезеңде жасөспірімдердің танымдық қабілеттерін байқау үшін алдымен ойындар, жаттығулар жүргізіледі. Кейін осы ойындар мен жаттығулардың қорытынды барысында шыдамдылық таныта алмай, агрессивтілік мінез байқалынған сыныппен жұмыс жасау. Яғни тест жұмысын алу, түзету жұмыстары жасалды.

Жоғары сынып оқушыларының белсендіруде олардың қабілеттері мен қызығушылығын, сыныпта жақсы ахуал орнату, олардың ар-намысына тимеуді және жетістіктерін мақтау, тиімді әдістер арқылы, шығармашылық сабақтар ұйымдастыру, жаттығулар, ойындар, тренингтік жұмыстар, өзіндік жұмыс істеуге мүмкіндік беру т.б. қажет.

Нәтижелер

Орта мектептерде жоғары сынып оқушыларымен жүргізілген зерттеулеріміздің қорытындысы мынадай болды: оқуға қызығушылығы төмен – 56 % (10 сынып); өз ойын, пікірін дәлелдеу білігі қалыптаспаған 43 % (11 сынып); өз білімін іс жүзінде қолдана алмайды - 40 % (10 сынып), негізгіні бөліп көрсете алмайды- 30 % (11 сынып), қарапайым жалпылауды білмейді – 51 % (10 сынып), күрделі емес тақырыпты, жағдайды өз бетінше талдай білмейді – 55 % (10 сынып).

Эксперимент барысында 11 сынып оқушыларының арасында сауалнама, пікір алысу ұйымдастырылды. Жауап бергендердің 12,2 % танымдық деңгейін дамытатын болса, 57,3 % "жоқ", 30,5 % - "кейде" деген жауап қайтарды. Егер жеке тұлғаның өз тарапынан танымдық қабілетті қалыптастыру әрекеттеріне бақылау жасамаса, ізденіс нәтижесі бағаланбаса, жетістіктерге жетуге болады деп айту қиын. Өзгелердің тарапынан болатын бақылаудан гөрі, оқушы өз білім деңгейіне, біліктері мен дағдыларын сын көзбен қарап, бақылау жасауы, оның білімді сапалы меңгеруіне, жұмыстың нәтижесін көруде барынша көмектесетінін тәжірибе көрсетіп отыр.

Оқушылардың қабілетін дамыту жөнінде ғылыми әдебиеттердің теориялық талдаулары, аталған мәселені анықтауға мүмкіндік берді. Қабілеттілік – адамның мінез-құлқын реттеп, оның тіршілік етуіне қызмет етеді, психикалық әрекеттің негізіне, шартына айналады. Жалпы қабілеттілікті дамыту үшін керек жағдайлар: туа біткен қасиетін дамыту, отбасының жағдайы, ата-анасының қолдауы, оқушы мен ұстаз арасындағы қарым-қатынас, ұстаз біліктілігі, мектептегі оқыту мен тәрбиелеу деңгейі [6, 7]. Міне, осы айтылғандар ұштасқан кезде ғана қабілетті, дарынды, талантты оқушылар жетіле түседі, күш-қуатын толық жұмсап, тынымсыз еңбек етеді. Алдыңғы қатарлы тәжірибені жетілдіре отырып, оқу үрдісіне жаңа әдіс-тәсілдерді, оқытудың жаңа технологияларын енгізіп, оқушылардың жалпы дамуын қамтамасыз етуі керек. Бала жаны жаңалыққа құмар, білмегенін білгісі келіп, белгісіз нәрсені ашуға тырысатын болғандықтан, бастауыш сынып мұғалімі олардың осы талпынысын дамытуға көңіл бөлуі тиіс. Оқушылардың сүйіспеншілігін арттыру мақсатында сабақ барысында тиімді әдіс-тәсілдерді енгізіп, оны ұйымдастыру формасын түрлендіріп отыру – мұғалімнің басты міндеті екені белгілі. Мұндай жағдайда мұғалімнің шеберлігі, ұйымдастырушылық қабілеті үлкен рөл атқарады.

Талқылау

Қазіргі оқыту технологиялары мұғалімнің дайын білімді баяндауымен байланысты. Оқушылардың танымдық білімі мен білігін қалыптастыру мақсаты арнайы үш әдістемелік ұсыныс жүйесінің негізінде ұйымдастырылуы тиіс: жаңа білім беруге дайындық, жаңа білім

беру және жаңа білімді бекіту. Бұл ұсыныстар оқытудың әдіс-тәсілдерін құралдары мен түрлерін жетілдіру, қазіргі технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

Эксперимент барысындағы зерттеулеріміздің нәтижесін талдай келе мынадай қорытынды жасадық: орта мектептерде оқушылардың танымдық қабілетін қалыптастыру мәселесін қайта қарау, танымдық қабілетті қалыптастыруда оқыту үрдісіндегі әдіс-тәсілдерді арнайы ұйымдастыру- оқу үрдісін жетілдірудің негізгі басты шарты деген тұжырым жасадық.

Жоғарыда келтірілген педагогикалық әдіс-тәсілдерді ұйымдастыру және педагогикалық іс-шаралар (сынып сағаттары, сайыстар, диспут, шығармалар, танымдық тапсырмалар, тренингтер, психологиялық кештер, ойындар) ұйымдастырылуы оқушылардың танымдық қабілеттілігін арттырып, дүниетанымын кеңейтеді, білім мен қабілетін шыңдауға мүмкіндік алады, алған білімдерін практикада еркін пайдалануға, т.б. дағдыланады.

Қорытынды

Оқушылардың қабілетін дамыту жөнінде ғылыми әдебиеттердің теориялық талдаулары, аталған мәселені анықтауға мүмкіндік берді. Қабілеттілік – адамның мінез-құлқын реттеп, оның тіршілік етуіне қызмет етеді, психикалық әрекеттің негізіне, шартына айналады. Жалпы қабілеттілікті дамыту үшін керек жағдайлар: туа біткен қасиетін дамыту, отбасының жағдайы, ата-анасының қолдауы, оқушы мен ұстаз арасындағы қарым-қатынас, ұстаз біліктілігі, мектептегі оқыту мен тәрбиелеу деңгейі. Міне, осы айтылғандар ұштасқан кезде ғана қабілетті, дарынды, талантты оқушылар жетіле түседі, күш-қуатын толық жұмсап, тынымсыз еңбек етеді. Алдыңғы қатарлы тәжірибені жетілдіре отырып, оқу үрдісіне жаңа әдіс-тәсілдерді, оқытудың жаңа технологияларын енгізіп, оқушылардың жалпы дамуын қамтамасыз етуі керек. Бала жаны жаңалыққа құмар, білмегенін білгісі келіп, белгісіз нәрсені ашуға тырысатын болған-дықтан, бастауыш сынып мұғалімі олардың осы талпынысын дамытуға көңіл бөлуі тиіс. Оқушылардың сүйіспеншілігін арттыру мақсатында сабақ барысында тиімді әдіс-тәсілдерді енгізіп, оны ұйымдастыру формасын түрлендіріп отыру – мұғалімнің басты міндеті екені белгілі. Мұндай жағдайда мұғалімнің шеберлігі, ұйымдастырушылық қабілеті үлкен рөл атқарады.

Зерттеу барысында зерттеудің ғылыми әдістерін мақсатты түрде қолдану және теориялық тұрғыдан негіздеу арқылы жүзеге асырылды. Тәжірибе жүргізуге бағытталған теориялық деректер жинағы сапалық жағынан талданып өңделді, ұсыныстар енгізілді. Зерттеу нәтижелері жоғары сынып оқушыларының танымдық қабілеттерін психологиялық тренинг арқылы дамытудың мүмкіндіктерін анықтау үдерісін терең ұғынып, соның негізінде оқу іс-әрекетін дамытуға мүмкіндік туғызды.

Зерттеу барысында төмендегі нәтижелерге қол жетті:

1. Жоғары сынып оқушысы тұлғасын дамытуда қабілет мәселесіне арналған ғылыми зерттеулерге теориялық талдау жасалынды.

2. Тренингтер жүргізу үрдісінде жоғары сынып оқушыларының танымдық қабілетін дамыту мүмкіндіктерін қарастыруды іске асырылды.

3. Оқушы қабілетінің дамуында жас кезеңі нақтыланып, осы кезеңде яғни жоғары сыныпта қалыптасуының өлшемдері мен көрсеткіштері белгіленді.

4. Жоғары сынып оқушыларының танымдық қабілеттерін психологиялық тренинг арқылы дамытудың тиімді жолдары мен құралдары анықталынды.

Алынған ғылыми нәтижелердің сенімділігі мен нақтылығы зерттеу негізі етіп алынған теориялық тұжырымдардың әдіснамалық тұрғыдан талдануы арқылы танылды. Зерттеу жұмыстың мақсатына, алға қойылған міндеттеріне сәйкес шешімін тапқан зерттеу әдістері мен көрсетілген нәтижелердің білім беру мекемелерінде жүргізілген сабақтарда дәйектелуі зерттеудің сенімділігіне кепілдік етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі N 319-III Заңы. <https://egi.edu.kz/wp-content/uploads/2020/12/2007.27.07-319-III-R-ZA-Y.pdf>.

2 Жұматаева Е. Жоғары мектепте оқытудың бір тұтас дидактикалық жүйесі. – Алматы: Ғылым, 2001. – 208 б.

3 Менчинская Н.А. Проблемы учения и умственного развития школьника. //Избранные психологические труды. – М.: Педагогика, 1989. – 224 с.

4 Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения. – М.: Педагогика, 1986. – 239 с.

- 5 Эльконин Д.В. Избранные психологические труды.//Труды действ.чл. и чл.-кор. АПН СССР. – М.: Педагогика, 1989. – 500 с.
- 6 Пидкасистый П.И. Самостоятельная познавательная деятельность школьников в обучении. Теория экспериментального исследования. – М.: Педагогика, 1980. – 120 с.
- 7 Волков Б.С., Волова Н.В., Губанов А.В. Методология и методы психологического исследования / Науч.ред. Б.С.Волок: Учебн.пособ. для вузов. – 5-е изд.,испр.и доп. – М.: Академический Проект; Трикста, 2006. – 352 с. - («Gaudeamus»)

REFERENCES

- 1 Law of the Republic of Kazakhstan on Education dated July 27, 2007 N 319-III. <https://egi.edu.kz/wp-content/uploads/2020/12/2007.27.07-319-III-R-ZA-Y.pdf> [in Russian].
- 2 Zhumataeva E. A. (2001). Comprehensive didactic system of higher education. – Almaty: Science. – 208 [in Kazakh].
- 3 Menchinskaya N.A. (1989). Problems of learning and mental development of schoolgirls. //Selected psychological works. - M.: Pedagogy, – 224. [in Russian].
- 4 Davydov V.V. (1986). Problems of developmental learning. - M.: Pedagogy, - 239. [in Russian].
- 5 Elkonin D.V. Selected psychological works.//Trudy deystv. and chl.-cor. APN USSR. - M.: Pedagogy, 1989. – 500. [in Russian].
- 6 Pidkasisty P.I. (1980). Independent cognitive activity of schoolchildren in education. Theory of experimental research. - M.: Pedagogy, – 120. [in Russian].
- 7 Volkov B.S., Volova N.V., Gubanov A.V. (2006). Methodology and methods of psychological studies / Scientific editor. B.S. Volok: Teaching assistant. for universities. -5-e izd., spr.i dop. - M.: Academic Project; Trixta, -352 p.- ("Gaudeamus")

А.С. Кирибаева^{1*}, Г.А. Алдамжар¹

¹Средняя общеобразовательная школа № 5, Казахстан
(e-mail: aizhan.sagnaeva@mail.ru)

Развитие познавательных способностей старшеклассников посредством психологического тренинга

Основная проблема: в статье рассматривается развитие познавательных способностей старшеклассников путем проведения теоретического анализа философских, педагогических, психологических, научно-методических работ и актуальных направлений его развития. Совершенствование учебного процесса в средних общеобразовательных учреждениях и развитие познавательных способностей старшеклассников является актуальной проблемой. Поэтому возникает задача развития мышления и активности старшеклассников во время обучения в средних учебных заведениях, обучения их использованию своих знаний и умений в новых жизненных ситуациях. Реализация этих задач придает актуальный характер поиску способов и форм организации учебного процесса, что будет способствовать формированию умений планировать и организовывать познавательную деятельность старшеклассников.

Цель: обосновать общие логические координаты и методы реформирования различных гуманитарных парадигм, используемых в действии.

Методы: онтологический принцип логики с генетическим содержанием, метод преобразования конкретных образов предметов на основе их абстрактного значения, метод перехода от абстрактного к конкретному языку, язык мышления схематических образов мысли и язык методологической теории. деятельности. В настоящее время такое обновление представляет собой переход к методам и инструментам технологии активного обучения как средства непрерывного развития науки и школьной практики, использование которых в большинстве случаев способствует повышению интереса и активности подростков.

Результаты, их значимость: представлены логически обоснованные универсальные абстрактно-конкретные координаты вселенского движения. Применительно к жизни и миру деятельности их можно определить координатами: «уровень жизни – эффективность деятельности», или «эффективность действия – время», или «результат – затраты», или «качество – количество». и т.д. Ясность мышления обеспечивается логикой векторов движения,

нисходящих от реального к абстрактному, восходящих от абстрактного к реальному, а также их сочетанием.

Постоянная потребность в познавательной деятельности создает у учащихся чувство познавательного удовлетворения, видя результат любознательности, ее планирования и организации. Такой результат приучает подростка активно искать новую познавательную деятельность, приобретать опыт освоения предмета.

Ключевые слова: знания, способности, познавательная деятельность, психологическая подготовка, старшеклассники, развитие.

A.S. Kiribayeva^{1*}, G. A. Aldamzhar¹

¹Secondary school № 5, Kazakhstan

Development of Cognitive Abilities of high School Students by means of Psychological Training

The main problem: the article examines the development of cognitive abilities of high school students by conducting a theoretical analysis of philosophical, pedagogical, psychological, scientific and methodological works and current directions of its development. Improving the educational process in secondary educational institutions and developing the cognitive abilities of high school students is an urgent problem. Therefore, the task arises of developing the thinking and activity of high school students while studying in secondary educational institutions, teaching them to use their knowledge and skills in new life situations. The implementation of these tasks makes it urgent to search for ways and forms of organizing the educational process, which will contribute to the formation of the skills to plan and organize the cognitive activity of high school students.

Purpose: to substantiate the general logical coordinates and methods of reformatting various humanitarian paradigms used in action.

Methods: ontological principle of logic with genetic content, method of transforming specific images of objects based on their abstract meaning, method of transition from abstract to concrete language, language of thinking of schematic images of thought and language of methodological theory. activities. Currently, such an update represents a transition to the methods and tools of active learning technology as a means of continuous development of science and school practice, the use of which in most cases helps to increase the interest and activity of adolescents.

The results and their significance: logically substantiated universal abstract-concrete coordinates of the universal movement are presented. In relation to life and the world of activity, they can be defined by the coordinates: “standard of living - activity efficiency”, or “action efficiency - time”, or “result - costs”, or “quality - quantity” etc. Clarity of thinking is ensured by the logic of movement vectors descending from the real to the abstract, ascending from the abstract to the real, as well as their combination.

The constant need for cognitive activity creates in students a feeling of cognitive satisfaction, seeing the result of curiosity, its planning and organization. This result teaches the teenager to actively seek new cognitive activities and gain experience in mastering the subject.

Keywords: knowledge, abilities, cognitive activity, psychological preparation, high school students, development.

Қолжазбаның редакцияға келіп түскен күні: 18.03.2024 ж.